

«Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық іс - шара мектебіміздің 5-11 сынып оқушыларының арасында жәрмеңке түрінде өтті. Оқушылар үйден өздерінің пісіріп дайындаған тамақтарын сатып, түскен ақшаларын қайырымдылық жәшігіне салды. Салынған ақша қайырымдылыққа, яғни жағдайы төмен отбасыларының баларына оқу құралдарын алып беруге жұмсалды. Оқушылардың бойына мейірімділік, бір – біріне деген қамқорлық көрсету және жанашырлыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілді.



АНЫҚТАМА

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және басқада санаттағы оқушыларды жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру Есмағанбетова А : Мектепте жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасынан шыққан оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Жалпы мектеп бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар тіркелен жоқ. Толық емес отбасынан шыққан, көпбалалы отбасы, аз қамтылған отбасы балалары бар, олармен үнемі бақылау жұмыстарын жүргіземін. Осы жағдайлардағы балаларға берілген көмекті ұйымдастыру жұмыстары жасалып отырады. Соның бірі Қамқоршылықтағы және толық емес отбасындағы балаларға мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Қайырымдылық — халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа — жан риза» дегендей, кемтар, жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу - әрбір адамның азаматтық парызы. Биылғы жаңа жылда қайырымдылық іс-шара барысында, ауыл әкімшілігінің демеушілігімен қамқоршылықтағы 9 сынып оқушысы Орынбасар Ерсұлтанға қысқы куртка - 19 500 теңге, жылы кеудеше - 8500 теңге барлығы 28 000 теңге материалдық көмек көрсетілді. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінен жаңа жылдық құттықтау хат және жаңа жылдық тәттілер салынған сыйлық берілді. Толық емес отбасы 7 сынып оқушысы Даулетова Аяулымға «Назық» ІШҚ басшысы Асимбетов М 10 000 теңге ақшалай сыйлық берді. ИП «Кенжалы» басшысы Өмірзақова А бастауыш және мектеп алды даярлық оқушыларына барлығы 44 оқушыға 110 000 теңге көлемінде жаңа жылдық сыйлық тарту етті. Мектептегі мұғалімдер ұжымы көп балалы отбасы оқушысы 30 мыңға демеушілік жасады. Мектебімізде осындай игі істер атқарылды.



Сарат жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылармен жүргізілген жұмыстардың

АНЫҚТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылындағы мектептің жоспарына сәйкес мектептің әлеуметтік педагогы және сынып жетекшілері арасында бірлесе отырып жұмыс жүргізілді.

Жоспар бойынша тамыз айында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Алдын-ала жартылай жетім, тұрмысы төмен және көп балалы оқушылардың тізімі жасалды. Нәтижесінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формасы және спорттық киімдермен қамтамасыз етілді..

Мектепке жаңадан келген оқушыларға, әр сыныпқа әлеуметтік диагностика жасалды.. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушы оқулықпен қамтамасыз етілді.. Мектеп асханасынан тегін екі аусымда ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып, құжаттары жинақталып, бекітілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың уақытылы тамаққа баруы қадағаланып отырады. Әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың тұрғын-жайын зерттеу жүргізілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста. Отбасы жағдайларына байланысты оқушыларға жеке кәсіпкерлердің көмегімен 160 мың теңге материалдық қолдау көрсетілді. Сондай-ақ 9 оқушы қаржылай 40567 теңге көмек алды.

Әлеуметтік педагог:  А.Есмағанбетова.

АНЫҚТАМА

Сарат жалпы орта білім мектебі бойынша жоспарға сәйкес 8-11 сыныптар аралығында «**Қарияға қолы ұшын соз**» атты акция өтті. Акция мақсаты оқушылардың бойына адалдыққа, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу. Акцияға оқушылар белсене қатысты. Ауылымызда тұратын қарт кісілердің ауласын жинап, сыпыруға көмектесті. Қариялар оқушыларға батасын беріп, игі істеріне алғыс айтты.




А Н Ы Қ Т А М А

Сарат жалпы орта білім беретін мектебінде қараша айында Дүниежүзілік темекіге қарсы күрес күніне орай «Тіршіліктің негізі-салауатты болашақ!» атты тақырыпта 8-9 сыныптарға түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді. Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді, оған қылықтар түбінде опық жегізетіндігі айтылды. Оқушыларға видео ролик көрсетілді.

Оқушыларға "Сен білесің бе?" атты статистикалық деректер айтылды

1. Шылым шегуден жылына 25 млн. адам өледі.
2. Әр шылым адам өмірін 12 минутқа қысқартады.
3. Шылым шегетіндердің 80%-ы өкпе ауруымен ауырады.
4. Қазақстанда 393 мың -ВИЧ-пен, 76 мың СПИД пен ауырады.
5. СПИД-пен ауыратындардың дені жастар.
6. Шектен тыс шай мен кофе ішу де – есірткінің біртүрі.
7. Қазақстанда темекі тартатындардың саны 5 миллион.



Сарат жалпы орта білім беретін мектебі бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушымен жүргізілген жұмыстардан

Анықтама

2023-2024 оқу жылы

Сарат жалпы орта білім беретін мектебінде қамқоршылықтағы 1 оқушы бар - Орынбасар Ерсұлтан Дүйсенғалиұлы 11 класс оқушысы. Тамыз айында «Мектепке жол» акция аясында қамқоршылықтағы оқушыға демеушілік көрсетілді. Қамқоршылықтағы оқушыға қазан айында жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражаттан киім кешектен көмек көрсетілді. Класс жетекшісі Смайлов Жақыппен әлеуметтік педагог Есмағанбетова Алтынгул қараша айында аудандық ішкі істер бөлімінің тапсырмасымен қамқоршылықтағы оқушының үйіне барып, тұрмыстық жағдайымен танысып, рейд жұмыстары жүргізілді. Қамқоршылықтағы оқушымен жұмыс жүргізу барысында ай сайын үйіне барып сабақ оқуға дайындалатын бөлмелері мен демалатын және жатын бөлмелерімен тексерілді. Ерсұлтанның әлеуметтік жағдайына байланысты мектеп жанындағы асханадан ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектеп медбикесі күнбе-күн тексеріп, тазалығына жауапкершілікпен қарайды. Қамқоршылықтағы оқушы Орынбасар Ерсұлтанның сабаққа қатысуы, мектепшілік іс-шараға араласуы жақсы. Бос уақытында кітапханаға барып, кітап оқығанды ұнатады.



Әлеуметтік педагог:  А.С. Есмағанбетова

А Н Ы Қ Т А М А

Сарат жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының Тамыз айында Мектепке жол акциясы бойынша Сарат селолық округ әкімшілігі 50 000 теңге көлемінде Даулетова Аянаға мектеп формасы, «Кенжалы» шаруа қожалық басшысы Өтепбаев Асылбек Талғатұлы Нұрбекке 25 000 теңге мектеп формасы, ИП «Кенжалы» басшысы Өмірзақова Асылзат көп балалы отбасы балалары Талғатұлы Нұраділ және Талғатұлы Бекежанға 60000 теңге мектеп формасы және аяқ киімдермен, «Шынали» ШҚ басшысы Нуриахметов Ержан Көлдей Нұрисламға 30000 теңге көлемінде спорттық киімдер және оқу құралдармен және «Назық» ШҚ басшысы Асимбетов Мейрамбек Даулетова Аяулымға 15000 теңге ақшалай демеушілік көрсетті.

Мемлекттен қаржылай көмекті :

1 категория бойынша Үсен Ернар, Кәрімтаев Өміржан, Кәрімтаев Мейіржан, Орынбасарова Айнаш, Орынбасарова Гулназ

3 категория бойынша Орынбасар Ерсұлтан

5 ктегория бойынша Жеткергенова Інжу, Жеткергенова Іңкар, Жеткергенов Нұртілек әр оқушы 40567 теңгеден барлығы 9 оқушы алды.

Әлеуметтік педагог:




А.С.Есмаганбетова

А Н Ы Қ Т А М А

Сарат мектеп- бөбекжай- балабақша кешенінде қаңтар айында
«Әлеуметтік желі мәдениеті» тақырыбында 7- 8 сынып арасында тренинг
өтті

Әлемде әлеуметтік желінің дәурені басталғалы да біраз уақыт болды. Қолданушыларының саны да жыл сайын артып келеді. Танымал он шақты әлеуметтік желінің аудиториясы мен оны қолданудың мақсаты әртүрлі. Десек те, ең алдымен олар – ақпарат алаңы. Ал бара-бара бұл желілерді өзіміздің ыңғайымызға бейімдеп алғанымыз рас. Ақпарат көзінен табыс көзіне негізdedік. Соңғы кездері тіпті ақпарат көзі «ұрыс» алаңына айналып бара жатқандығы айтылды.Әр адам қай ортада да, әлеуметтік желілерде де мәдениеттілікті сақтау қажет екені айтылды. Оған желідегі танымал екі шахматшы қызымыздың әлеуметтік желідегі жаға жыртысып жазба жариялағандары мысалға келтірілді. Ал мұндай жанжал тудыратын, адамның атына кір келтіретін жазбалар сол тұлға туралы ой-пікірдің өзгеруіне, тіпті құрметтің әлсіреуіне әкеп соғатыны рас. Өкінішке қарай, мұндай оқиғалар желіде жетіп-артылады .*Әлеуметтік желіде аккаунт ашып, атымызбен атап, жеке парақша ретінде қолдана алғанымызбен, ол авторлық жоба, иесі бар, бақыланып отырады. Сондықтан оның халықаралық стандарттарға сай ережесіне бағыну қажет екенін есте ұстаған жөн екендігі* .Сондықтан әркезде адам ашуға ерік бермей,әр нәрсені байыпты ойлану қажет екені айтылды. Бос уақыттарын әлеуметтік желіде емес, әртүрлі тренингтер ойлап тауып достарымен ойнау ұсынылды. Оқушылар бір-бірімен көңілді тренингтер ойнады.





А н ы қ т а м а

Сарат жалпы орта білім беретін мектебінде желтоқсан айында 1 желтоқсан Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай «Басты байлық денсаулық» тақырыбында 7-9 сыныптар арасында мектеп медбикесі К.Тумышеваның қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні әлемде АИТВ / ЖИТС туралы хабардар болу үшін, сондай-ақ эпидемияға қарсы халықаралық ынтымақтастықты көрсете білу үшін құрылғандығы айтылды.


Бұл күні барлық ұйымдар осы ауру туралы кез-келген ақпаратты планетаның әрбір адамына беруге мүмкіндік алады. Әр түрлі іс-әрекеттердің арқасында ЖИТС туралы мүмкіндігінше көп инфекция туралы, инфекциядан қалай аулақ жүру, қарапайым ережелерді және оның алғашқы белгілерімен не істеу керектігі жөнінді кеңінен түсіндірілді.. Бұдан басқа, адамдарға, егер белгілі бір ережелер сақталса, СПИД-пен ауыратын адамдардан қорықпа. Олардан аулақ жүрмендер, олармен дұрыс қарым-қатынас жасау, білу қажет екені айтылды.

Дүниежүзінде статистикалық деректерге сәйкес 15-50 жастағы 35 миллионнан астам адам жұқтырған. Сонымен қатар, олардың көпшілігі жұмыс істейтін халық. Адамдар осында бейресми түрде қосылса, онда жұқтырғандардың саны әлдеқайда көп болуы мүмкін. Ең жиі кездесетін жағдайлар Сахараның оңтүстігіне қарай Африкада жаңа инфекциялар мен СПИД өлімі. Сондықтан адам өмірі өз қолында жаман әдеттерден аулақ болуды, қазіргі кезде бұл аурудың емін әлі ғалымдар таба алмай жатқандығы айтылды. Әр оқушы алдына нақты мақсат қойып, көп ізденіп, бос уақытында кітап оқу керектігі, спортпен шұғылдану қажет екендігі кеңінен насихатталды.




АНЫҚТАМА

Сарат жалпы орта білім беретін мектебінде желтоқсан айында «Кел Жаңа жыл, Жаңа жыл» атты мерекелік шараға барлық оқушылар қамтылды. Әр сыныптың жетекшілері оқышылармен бірге мерекелік іс шараға белсене қатысты. Толық емес отбасы оқушылары 1 сынып оқушысы Сәбетаева Даяна және 4 сынып оқушысы Даулетова Аяна аудандық шыршаға ұсынылды. Мерекелік шыршада ауыл селолық әкімдігі және ауыл жеке қожалық «Нұр» басшысы Қисықов Мырзабек және «Назық» жеке қожалығы оқушыларға демеушілік көрсетіп, сыйлықтармен қатар жақсы көңіл күй сыйлады.




Анықтама

Сарат орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылының қаңтар айынан бастап мектеп оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы 1-4 сынып 26 оқушы, 5-11 сынып 28 оқушы мектеп асханасынан тамақтанып отыр. 5-11 сынып оқушыларының арасынан қамқоршылықтағы және толық емес отбасы балалары мектеп асханасынан тамақтанады. Оқушылардың тамақтану уақыты мектептегі 1-11 сынып оқушыларының екі ауысымда оқитындығына байланысты екі кезеңге ұйымдастырылды. Бірінші ауысымда 31 оқушы, екінші ауысымда 23 оқушыға тамақ беріледі. Мектеп асханасында аспаз талапқа сай балаларға тамақ түрлерін дайындаумен қызмет етеді. Тамақ түрлерін дайындау күнделікті өлшеммен беру мектеп медбикесі арқылы дайындалып ас мәзірі бекітіледі. Тамақтың сапасы күнбе-күн тексеріліп тұрады. Асхана бөлмелері жарық, таза, санитарлық талапқа сай. Оқушыларға тамақ ішетін орындықтар қойылған. Тамақ ішетін бөлме толық талапқа сай жабдықталған. Асханада асхана бұрышы ілінген. Асханаға тамақ ішетін уақытта бөгде адамдар кіруге тыйым салынған. Балалардың уақытында тамақ ішуін, мектеп асхана кезекшілігі қадағалап отырады. Денсаулығын, тазалығын, мектеп медбикесі зор жауапкершілікпен қарайды. Оқушылардың тамақ түрлерінен улану түрлері тіркелген жоқ. Ата-аналар тарапынан ешқандай шағым арыздар болған жоқ. Асханада кезекшілік қызметі күнделікті жұмысқа сай өз қызметін атқарады. Оқушылар тамақ ішуге бөлінген уақытты тиімді пайдаланады. Қаңтар айында келген тамақты бракераж комиссиялары тексеріп, акт жасалды. Бүлінген, уақыты өтіп кеткен тағамдар болған жоқ.




Әлеуметтік педагог:

 А.С.Есмаганбетова

АНЫҚТАМА

Сарат мектеп- бөбекжай- балабақша кешенінде ақпан айында «Жүрек жылуы- достықта,мейірімділікте және сыйластықта» тақырыбында 3-4 сыныптар арасында тренинг өткізілді. Оқушыларға мейірімді болуды, әрқашан жан-жануарға көмек көрсетіп,оларға қиянат жасамау қажет екені айтылды. Оқушыларға бейне ролик көрсетілді. Мейірімділіктің арқасында адам баласы көп нәрсеге қол жеткізе алатындығы айтылды. Оқушылар бір-біріне мейірімділік туралы суреттер салды..



«Сарат мектеп-бөбекжай балабақша кешені» КММ-інде 2024-2025 оқу жылында қазан айында өткізілген «Жүректен-жүрекке» атты қайырымдылық іс шараға

Анықтама

«Жүректен-жүрекке» атты қайырымдылық іс-шараға мектебіміздің 1-11 сынып оқушыларының арасында жәрмеңке түрінде өтті. Оқушылар үйден өздерінің пісіріп дайындаған тамақтарын сатып, түскен ақшаларын қайырымдылық жәшігіне салды. Салынған ақша қайырымдылыққа, яғни жағдайы төмен отбасылардың балаларына оқу құралдарын алып беруге жұмсалды.

Оқушылардың бойына мейірімділік, бір-біріне деген қамқорлық көрсету және жанашырлыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

